

УДК 35.07 (574+71)

Т. С. Нұрышева,
заң ғылымдарының кандидаты;
А. Қ. Балабекова
экономика ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
«Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет»
кафедрасының доценттері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ КАНАДАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы және Канаданың мемлекеттік басқару жүйесіне салыстырмалы талдау жасалады. Екі мемлекеттің мемлекеттік басқару тиімділігін бағалау бойынша халықаралық рейтингтегі алатын орны көрсетіледі.

Тірек сөздер: Қазақстан Республикасы, Канада, мемлекеттік басқару, салыстырмалы талдау, халықаралық рейтинг.

Аннотация

В статье приводится сравнительный анализ государственного управления Республики Казахстан и Канады. Представлены позиции двух стран в международных рейтингах по оценке эффективности государственного управления.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Канада, государственное управление, сравнительный анализ, международный рейтинг.

Abstract

The comparative analysis of public administration of the Republic of Kazakhstan and Canada is provided in article. Positions of two countries in the international ratings are presented according to efficiency of public administration.

Key words: Republic of Kazakhstan, Canada, public administration, comparative analysis, international rating.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Стратегиясында мемлекеттік басқарудың жаңа типінің басым бағыттары айқындалғандықтан, оның қалыптасуының негіздері өзектілік сипатына ие болады [1]. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру де жалғасын табуда. Сонымен қатар реформалаудың негізгі бағыты ретінде 2015 жылға қарай сапалы мемлекеттік басқарудың жаңа моделіне сәйкес корпоративтік басқару, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғамға есептілік қағидаттарына негізделген, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады [2]. Сондықтан мемлекеттік басқаруды жетілдіру мақсатында шетелдік тәжірибелерді де зерттеу қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан алғанда Канаданың тәжірибесі де өзіне көңіл аудартады.

Қазіргі таңда көптеген сарапшылар канадалық мемлекеттік басқару моделінің тиімділігіне мән беріп отыр. Оны әлемдік рейтингтер де, төменде біз жүргізіп отырған талдау да дәлелдеді. Біздің зерттеу жұмысымыздың да мақсаты жоғарыда аталған мемлекеттердің мемлекеттік басқару жүйесіне салыстырмалы талдау жүргізу болып табылады.

1-ші кестеде Қазақстан Республикасы және Канада туралы жалпы мағлұматтар берілді.

1-ші кесте – Қазақстан Республикасы және Канада туралы жалпы мағлұматтар

Ресми атауы:	Қазақстан Республикасы	Канада
Ел ордасы:	Астана	Оттава
Орналасқан жері:	Азия (Орталық Азия)	Америка (Солтүстік Америка)
Аумағы:	2,724,900 км²	9,984,670 км²
Тұрғындары:	15,776,492 адам	33,876,000 адам
Тәуелсіздігі жарияланған күні:	1991 жылдың 16 желтоқсаны (КСРО-нан).	1982 жылдың 17 сәуірі (Ұлыбританиядан).

Ресми тіл:	қазақ, орыс тілдері	ағылшын, француз тілдері
Әкімшілік бірлік:	14 облыс және екі республикалық маңызы бар қалалар	10 провинция және 3 аймақ
Басқару нысаны:	Президенттік республика	Конституциялық монархия
Мемлекеттік құрылыс нысаны	Біртұтас	Федеративтік
Мемлекет басшысы:	Президент, 5 жылдық өкілеттік мерзімге сайланады	Ұлыбританияның Королевасы және онымен тағайындалған генерал-губернатор
Жоғары өкілді орган:	Екі палаталы парламент – Сенат және Мәжіліс	Екі палаталы парламент – Сенат және Қауымдар палатасы
Жоғары атқарушы орган:	Үкімет	Үкімет
Ақша бірлігі:	Қазақстандық Теңге (KZT).	Канадалық Доллар (CAD).
ISO коды:	KAZ	CAN

Канада – 10 провинциядан және федеральды үкіметтің басқаруында болатын үш аумақтан құралатын, федеративтік мемлекет. Ресми түрде Ұлттар Ұнтымақтастығының құрамындағы доминион ретінде аталады. Канада Ұлыбритания доминион мәртебесін берген 1867 жылдан бастап фактілік түрде тәуелсіз мемлекет болды. 1931 жылы Ұлыбритания үкіметі Канаданың ішкі және сыртқы еріктілігін таныды. 1982 жылы Канада Ұлыбританиядан ресми тәуелсіздігін алды. Мемлекет басшысы ретінде номинальды түрде Британ королевасы болғанымен, жалпы алғанда Канаданың Премьер-министрінің ұсынысы бойынша монархпен 5 жылға тағайындалатын генерал губернатор (канада азаматтарының ішінен) да мемлекетін басқару өкілеттігіне ие болады.

Канаданың заң шығарушы органы – екі палаталы парламент (Сенат және Қауымдар палатасы). Сайлауда Қауымдар палатасында көпшілік орынға ие болған партияның лидері – Премьер-министр болып, елдің үкіметін қалыптастырады. Яғни, Канададағы атқарушы билік – Премьер-министр басқаратын үкіметке тиесілі.

Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Ол – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты [4].

Халықаралық тәжірибеде мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалау үшін әртүрлі интегралды көрсеткіштер қолданылады. Олар халықаралық ұйымдармен (Біріккен Ұлттар Ұйымы, Бүкіләлемдік банк, Бүкіләлемдік экономикалық форум, Transparency International халықаралық ұйымы) әзірленген. Солардың кейбіреулері назарларыңызға ұсынылады. Әдістемелердің бірі ретінде Бүкіләлемдік банктің әлем елдері бойынша мемлекеттік басқару сапасын бағалау әдістемесін [5] қарастырып керейік.

Зерттеу жүргізу барысында халықаралық сарапшылар мемлекеттік басқаруды елдегі билік өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті институттар ретінде анықтайды. Яғни сайлау процедуралары және үкіметті алмастыру, оның қызметіне бақылау жасау туралы; үкіметтің

мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыруы мен іске асыруы қабылеттіктері туралы; азаматтар мен мемлекеттің, олардың арасындағы экономикалық және әлеуметтік өзара әрекеттестікті реттеуді қамтамасыз ететін институттарға сенім білдіруі туралы мәселелерді қамтиды.

Зерттеу шеңбері аясында мемлекеттік басқару сапасын бағалаумен байланысты алты негізгі параметрлер қамтылады: **1. Тұрғындардың пікірлерін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі** (елдің азаматтарының сайлауға қатысу мүмкіндіктері, сөз бостандығы, бірлесу бостандығы деңгейі және т. б.); **2. Саяси тұрақтылық және күш көрсетудің болмауы** (үкіметтің тұрақсыздығына конституциялық емес әдістермен немесе күш көрсету арқылы әсер ету деңгейі); **3. Үкімет қызметінің тиімділігі** (мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау, мемлекеттік қызметшілердің жұмысының сапасы, олардың саяси қысымнан тәуелсіздігі деңгейі және т. б.); **4. Нормативтік-құқықтық реттеу сапасы** (жеке секторды дамытуға мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық актілер мен негізделген саясатты әзірлеудегі үкіметтің қабылетін бағалау); **5. Заңның жоғарылығы** (әртүрлі субъектілердің қолданыстағы нормаларға және ол нормаларды сақтаумен байланысты сенім білдіру, оның ішінде шарттарды міндетті түрде орындату, жеке меншікті қорғау, құқыққорғау орындарының жұмысы, қылмыстылық деңгейін бағалау); **6. Сыбайлас жемқорлықпен күрес** (мемлекеттік билік ету өкілеттігін жеке басының мақсатына пайдаланудың таралымын бағалау).

2-ші кестеде 215 мемлекеттің мемлекеттік басқарудың сапасын анықтайтын алты индекс рейтингтері бойынша Қазақстан мен Канаданың алатын позициялары беріледі.

2-ші кестеде – Әлем елдерінің мемлекеттік басқарудағы сапасын анықтайтын көрсеткіштер*

Жыл	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN
дар	Тұрғындардың пікірлерін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі		Саяси тұрақтылық және күш көрсетудің болмауы		Үкімет қызметінің тиімділігі		Заңнама сапасы		Заңның жоғарылығы		Сыбайлас жемқорлықтың болуы	
2007	16	95	66	82	34	95	39	94	21	96	19	95
2008	17	95	66	82	42	96	44	95	24	96	18	95
2009	16	95	72	88	48	97	41	96	32	97	20	97
2010	14	94	62	79	44	97	41	96	32	97	16	97
2011	14	95	41	85	45	97	43	96	31	95	15	95

* Ескерту: Бүкіләлемдік банк зерттеулерінің көрсеткіштері бойынша. Интернет-ресурс: <http://www.worldbank.org/>

Берілген кестеде елдерді бағалау пайыздық көрсеткіштер негізінде жүргізілген – 0-ден 100-ге дейін. Әр мемлекет алты критерийлер бойынша өз рейтингтеріне ие болған. Сәйкесінше, **рейтинг төмен болған сайын**, мемлекеттік басқарудың да **сапасы төмендейді**.

Мысалы, 70 % рейтинг сол мемлекеттегі мемлекеттік басқару сапасының әлемдегі мемлекеттердің 70 пайызына қарағанда жоғары және 30 пайызына шаққанда төмен екендігін білдіреді. Сандық көрсеткіштерді жеңілдету үшін бағалау жүйесін 7 баллдық шкалада пайдаланады, яғни 1 – ең жоғары баға (бұл дегеніміз мемлекеттің рейтингісінің осы категория бойынша 90–100 % екендігін білдіреді), 7 – төменгі (0 %, мемлекет осы категория бойынша ең төменгі позицияны алады). «Екілік» – 75–90 %, «үштік» – 50–75 %, «төрттік» – 25–50 %, «бестік» – 10–25 %, ал «алтылық» – 0–10 % рейтингтерді білдіреді.

Кестеге сәйкес Канада төрт көрсеткіш бойынша өте жоғары бағаланса, керісінше «Саяси тұрақтылық және күш көрсетудің болмауы» көрсеткіші бойынша «екіге» бағаланған.

Қазақстан 2-ші кестеге сәйкес екі көрсеткіш бойынша «Тұрғындардың пікірлерін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі» және «Сыбайлас жемқорлықтың болуы» – «бестік», ал өзге көрсеткіштер бойынша «төрттік» рейтингке тұрақтаған.

Келесі 3-ші кестеде Біріккен Ұлттар Ұйымымен (әрі қарай – БҰҰ) жүргізілген электронды үкіметтің даму деңгейі бойынша әлем елдерінің глобалды рейтингінде, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдардың ақпараттық коммуникациялық технологияны (одан әрі – АКТ)

пайдалану тенденциясын жүйелі түрде бағалаған зерттеуінде Қазақстан мен Канаданың алатын позицияларына талдау жасалады. Зерттеу БҰҰ-мен 2003 жылдан бастап бірнеше жылда бір рет жүргізіледі [6]. Осы зерттеуде қамтылған барлық мемлекеттер, рейтингте негізгі үш құрастырушы: интернет-қызмет көрсету сапасының деңгейін, АКТ-инфраструктураның даму деңгейін және адами капиталын бағалаумен байланысты бөлінеді.

Үш құрастырушы бойынша әр көрсеткіш, өз кезегінде көптеген параметрлерді қамтиды, оның ішінде ақпараттық қызмет көрсету және мемлекеттік қызметтің веб-сайттары, сондай-ақ азаматтардың оларға қолжетімділігі, интернет-пайдаланушылардың салыстырмалы саны, мобильдік телефондық байланысты пайдаланушылар, тұрғындардың сауаттылығы деңгейі, реттейтін нормативтік құқықтық база және өзге де факторлар.

3-ші кестеде – Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингісі беріледі (193 мемлекет)*

Жылдар	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN
	Рейтинг		Жалпы индекс		Интернет-қызмет көрсету сапасы және қамту деңгейі		АКТ-инфраструктураның даму деңгейі		Адами капитал	
2008	81	7	0.4743	0.8172	0.3211	0.7659	0.1306	0.6966	0.9759	0,9908
2010	46	3	0.5578	0.8448	0.5270	0.8825	0.1796	0.6799	0.9677	0.9708
2012	38	11	0.6844	0.8430	0.7843	0.8889	0.3555	0.7163	0.9134	0.9238

*Ескерту – БҰҰ зерттеу материалдары негізінде құрастырылды.
Интернет-ресурс: <http://www.unpan.org/>

Осы кестеде берілген көрсеткіштерден Канада 2008 жылға қарағанда (7 позиция) өзінің позициясын төмендетіп алғанын байқауға болады. Ол 2012 жылы 193 мемлекеттердің арасынан электрондық үкіметті дамыту деңгейі индексі бойынша – 0,8430, яғни 11 орынға тұрақтаған. Соған қарамастан онлайн-қызмет көрсету және телекоммуникациялық инфрақұрылым индексі сәйкесінше 0,7659 және 0,6966-ден 0,8889 және 0,7163-ке дейін ілгері жылжыған. Сондай-ақ адами капитал индексі 0,9908-ден 0,9238-ге дейін төмендеген.

Қазақстандағы е-үкімет БҰҰ жоғары бағасына иеленді. Электрондық үкіметке жаһандық дайындық бойынша БҰҰ-мен жүргізілетін жыл сайынғы рейтингісі көрсеткіштеріне сай, Қазақстан 2010 жылға 46 орыннан 2011 жылы 38 позицияға көтерілді, яғни электрондық үкіметті дамыту деңгейі индексі – 0,6844. Содай-ақ онлайн-қызмет көрсету және телекоммуникациялық инфрақұрылым индексі сәйкесінше 0,3211 және 0,1306-дан 0,7843 және 0,3555-ке ілгерілеген. Бірақ адами капитал индексі 0,9759-дан 0,9134-ке дейін кері жылжыған.

Transparency International халықаралық ұйымы 1996 жылдан бастап, жыл сайын мемлекеттік сектордың сыбайлас жемқорлығы деңгейіне зерттеу жүргізіп келеді [7].

Жыл сайынғы Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (одан әрі – СЖҚИ), ең алғаш 1995 жылы жарияланған, және осы уақытқа дейін жоғарыда аталған ұйымның танымал өнімі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі елдердегі (183 ел) мемлекеттік қызметшілер және саясаткерлердің арасында сыбайлас жемқорлықтың таралуы деңгейін бағалау бойынша бөлінеді. Бұл кешендік индекс, себебі ол әр түрлі өкілді ұйымдармен жүргізілген, әрі сыбайлас жемқорлыққа қатысты сараптамалық сұрауларға және зерттеулерге негізделген.

Индекс әлемдегі әр мемлекеттің кәсіпкерлері және аналитиктерінің, сонымен қатар зерттеу жүргізілген елге қатысты елде тұрып жатқан сарапшылардың пікірлерін білдіреді. Қазақстан Республикасы 1999 жылы зерттеуге қосылды.

Индекс елдер мен аумақтарды 0-ден (сыбайлас жемқорлықтың ең жоғары деңгейі) 10-ға дейін (сыбайлас жемқорлықтың ең төмен деңгейі) жіктейді.

4-ші кесте – Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (176 ел), Transparency International*

Жылдар	KAZ	CAN	KAZ	CAN
	Елдердегі сыбайлас жемқорлықты қабылдау бойынша рейтингі		Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі	
2008	145	9	2,2	8,7
2009	120	8	2,7	8,7
2010	105	6	2,9	8,9
2011	120	10	2,7	8,7
2012	133	9	2,8	8,4

* Ескерту – Transparency International Халықаралық ұйымының зерттеу материалдары негізінде құрастырылды. Интернет-ресурс: <http://cpi.transparency.org/>

4-ші кестеге сәйкес, Канада 8,4 сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексімен 9-шы орында екенін байқауға болады. Қазақстан 176 елдердің ішінен 2,8 сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексімен 133 орында тұрақталған, яғни мемлекеттік сектордың өте жоғары сыбайластанғанын білдіреді.

Қазақстанның алдында 50 ең дамыған бәсекелестікке қабылетті мемлекеттердің қатарына ену стратегиялық міндеті қойылған болатын [8]. Сондықтан Қазақстан үшін бәсекеге қабылеттілік аясындағы рейтинг те қызығушылық танытады. Осындай рейтингтердің бірі ретінде Бүкіләлемдік экономикалық форумның әдістемесі қарастырылады, бұл зерттеулер 2004 жылдан бері өткізілуде [9]. Жаһандық бәсекеге қабылеттілік индексі 113 өзгермеліктерден құрастырылған, ол әр түрлі деңгейде экономикалық дамудағы әлемдік елдердің бәсекеге қабылеттігін сипаттайды. Өзгермелі элементтер жиынтығының үштен екісі компаниялардың басшыларына жаһандық сұрақ қою нәтижелерінен (зерттеліп жатқан мемлекеттердегі бизнес-климатқа әсер ететін факторлардың кең шеңберін қамту мақсатында), ал үштен бірі жалпыға қолжетімді қайнар көздерден (халықаралық ұйымдармен тұрақты негізде жүргізілетін зерттеулердің нәтижелері мен статистикалық көрсеткіштер) құралады. Өзгермелі элементтер ұлттық бәсекеге қабылеттікті айқындайтын 12 бақылаушы көрсеткіштерге біріктірілген (5-ші кесте). Қорытынды рейтингте зерттеу объектісі болып табылатын барлық мемлекеттер біріншіден соңғы орынға дейін орналастырылады, бірінші орын – ең жоғары болып табылады.

5-ші кесте – Жаһандық бәсекеге қабылеттілік рейтингісі (144 ел)*

Жылдар	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN
	Рейтинг		Жалпы баға		Институт-тардың саны		Инфра-структура		Макроэко-номикалық тұрақтылық		Денсаулық және бастауыш білім		Жоғары білім және кәсіби дайындық	
2008	66	10	4,11	5,37	81	15	76	6	74	43	81	6	59	9
2009	67	9	4,08	5,33	86	17	75	7	59	31	80	7	59	9
2010	72	10	4,12	5,30	91	11	81	9	26	36	85	6	55	8
2011	72	12	4,18	5,33	94	11	82	11	18	49	85	6	55	12
2012	51	14	4,38	5,27	66	11	67	13	16	51	92	7	58	15
	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN
	Тауар нарығы және қызмет көрсету-лердің тиімділігі		Еңбек нарығы тиімділігі		Қаржы нарығының дамуы		Техноло-гиялық даму деңгейі		Ішкі нарық мөлшері		Компания-лардың бәсекеге қабылет-тілігі		Иннова-циялық потенциал	
2008	80	16	12	7	97	10	75	9	55	14	86	18	62	13
2009	84	16	18	7	111	11	69	11	55	14	88	17	64	12
2010	86	11	21	6	117	12	82	16	55	14	102	16	101	11
2011	87	12	21	5	121	13	87	16	55	14	109	24	116	11
2012	71	13	19	4	115	11	55	20	55	13	99	26	103	22

*Ескерту – Бүкіләлемдік экономикалық форумның зерттеу материалдары негізінде құрастырылды. Интернет-ресурс: <http://www.weforum.org/gcr>

Қарастырылып отырған кестеге сәйкес Канада 2008 жылы 5,37 балымен 10-шы орынды иеленгенмен, даму динамикасын алғанда ол өзінің позициясын рейтингтің кейбір көрсеткіштері бойынша төмендетіп алған. Соған қарамастан «Институттар», «Тауар нарығы және қызмет көрсетулердің тиімділігі», «Еңбек нарығы тиімділігі» факторлары бойынша позициясы жоғарылаған. 2012 жылы Канада орта есеptі 5,27 балымен 14-ші орынға ие болды.

Қазақстанға келетін болсақ 2030 жылға дейін Стратегия қабылданған кезден бастап 15 жылдың ішінде ол **әлемдегі жылдам дамушы елдердің бестігіне** енді. Бүкіләлемдік экономикалық форум рейтингісінде Қазақстан өзінің позициясын 2008 жылдан бері жақсартты, яғни орта есеппен алғандағы 4,11 балымен 66-шы орыннан, орта есеппен алғандағы 4,38 балымен 51-ші орынға жоғарылады. Қазақстанның позициясы барлық факторлар: «Институттар», «Макроэкономика», «Жоғары білім және кәсіби дайындық», «Тауар нарығы және қызмет көрсетулердің тиімділігі», «Еңбек нарығы тиімділігі», «Қаржы нарығының дамуы», «Технологиялық даму деңгейі», «**Бизнесті дамыту**», «**Инновациялар**» бойынша жоғарылады. Сондай-ақ, Қазақстан макроэкономикалық тұрақтылық факторы бойынша өзінің жоғары позициясын ұстануда. Қазақстан Республикасының Президенті 2012 жылғы «Қазақстан–2050» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Стратегиясы» атты Жолдауында 2050 жылға дейін әлемдегі **ең дамыған 30 елдің** қатарына ену – стратегиялық мақсатын қойып отыр.

Әлемдік банк және Халықаралық қаржы корпорациясы жыл сайын Doing Business (Бизнесті жүргізу) рейтингісін жариялап отырады [10]. Онда зерттеліп отырған мемлекеттегі бизнестің дамуына ықпал ететін немесе кері әсер ететін жағдайлар жарияланады. Баяндама авторлары компанияның даму циклінің 11 кезеңдеріне қатысты нормаларды талдайды. Соның ішінде – кәсіпорындарды құру, құрылыс салуға рұқсат алу, жеке меншікті тіркеу, кредит алу, инвесторларды қорғау, салық салу, халықаралық сауданы жүргізу, контрактілердің орындалуын қамтамасыз ету, кәсіпорындарды жою, электрді қамтамасыз ету жүйесіне қосылу және жұмыс күшін жалдау қарастырылады (6-шы кесте). Қорытынды рейтингте зерттеуге алынған барлық елдер 1-ші орыннан соңғы орынға дейін орналастырылады. Бірінші орын – ең жоғары болып есептеледі. Яғни, елдің ең жоғары позициясы, ол елдегі бизнесті жүргізу климатының жайлы екендігін білдіреді. Талдау жүргізгенде макроэкономикалық саясат, инфрақұрылымның сапасы, жұмыс күшінің біліктілігі, валюталық курстың ауытқуы, инвесторлардың пікірі, қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі факторлары есепке алынбайды. Сонымен, ұйымдастыру шарттары және бизнесті жүргізу саяси аспектілерді қамтымайды, тек заңнамада бекітілген ережелер мен нормативтерге негізделеді.

6-шы кесте – Бизнесті жүргізу рейтингісі (185 ел)*

Жылдар	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN
	Бизнесті жүргізу жеңілдігі рейтингісі		Кәсіпорындарды тіркеу		Құрылыс салуға рұқсат алу		Жұмысқа алу		Электрмен қамтамасыз ету жүйесіне қосылу		Жеке меншікті тіркеу	
2008	71	7	57	2	173	26	22	19	-	-	72	28
2009	70	8	78	2	175	29	29	18	-	-	25	32
2010	63	8	82	2	143	29	38	17	-	-	31	35
2011	59	7	47	3	147	29	-	-	-	-	28	37
2012	47	17	57	3	147	25	-	-	86	156	29	41
Жылдар	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN
	Кредит-тендіру		Инвесторларды қорғау		Салық салу		Халықаралық сауда		Контрактілерді орындауды қамтамасыз ету		Кәсіпорындарды жою	
2008	48	7	52	5	44	25	178	39	28	43	100	4
2009	43	28	53	5	49	28	180	44	28	58	100	4
2010	43	30	57	5	52	28	182	38	34	58	54	4
2011	72	32	44	5	39	10	181	41	36	58	48	3
2012	78	24	10	5	13	8	176	42	27	59	54	3

*Ескерту – Бүкіләлемдік банктің зерттеу материалдары негізінде құрастырылды. Интернет-ресурс: <http://doingbusiness.org/>

Канада кәсіпорынды тіркеу және жою индикаторлары бойынша ең жоғары – 3-ші орынды, инвесторларды қорғау бойынша – 5-ші орынды иеленсе, ал Электрмен қамтамасыз ету жүйесіне қосылудан 156-шы орынға және контрактілерді орындауды қамтамасыз етуден 59-шы төменгі позицияға тоқталды.

Қазақстанға келетін болсақ, ол 2008 жылмен салыстырғанда өзінің позициясын жоғарылатты. Яғни, 2012 жылы 185 елдің ішінен 47-ші орынға тұрақтады. Сонымен қатар салық салу аясында, жеке меншікті тіркеу, контрактілерді орындауды қамтамасыз етуден де қанағаттанарлық орынды иеленуде. Бірақ халықаралық сауда және құрылыс салуға рұқсат алудан төменгі позицияда тұр.

Елдер мен аумақтардың Жалпы ішкі өнім көрсеткіші жаһандық рейтингі Бүкіләлемдік банк (The World Bank) [11] әдістемесі бойынша есептеледі. **Ішкі жалпы өнім (одан әрі – ІЖӨ) – қандайда мемлекеттің территориясында сол елдің резиденттерімен 1 жылдың ішінде өндірілген, сатып алушының бағасымен көрсетілетін барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнының жиынтығы.** Тәжірибе жүзінде, ІЖӨ өзіне осы елдің экономикалық аумағында жұмыс жасайтын барлық кәсіпорындардың, ұйымдардың және өзге де бірліктердің қызметінің нәтижесін қамтиды, оның ішінде шетелдік капитал, сонымен қатар шетелдік компаниялардың филиалдарымен бақыланатындар да кіреді. 7-ші кестеде 192 елдің номинальды (абсолюттік) мазмұны бойынша ІЖӨ мөлшерін бағалайтын, қолданымдағы бағаның АҚШ долларына шаққандағы (инфляцияға өзгеріссіз) рейтингісі беріледі. Беріліп отырған көрсеткіштер 2011 жылдың жағдайын ашады (2012 жылдың шілде айында жарияланған).

7-ші кесте – Бүкіләлемдік банктің зерттеуі бойынша елдер мен аумақтардың жалпы ішкі өнімінің мөлшері индексі

Жылдар	KAZ	CAN	KAZ	CAN
	Рейтинг		ЖІӨ мөлшері (\$ млн.)	
2010	52	10	142,987	1,574,052
2011	49	11	186,198	1,736,051

*Ескерту – Бүкіләлемдік банктің зерттеу материалдары негізінде құрастырылды. Интернет-ресурс: <http://www.worldbank.org/>

Канада 2010 жылы 1,574,052 ІЖӨ мөлшері бойынша 10 орынды иеленсе, ал 2011 жылы 1,736,051 млн долл мөлшерімен 11 орынға иеленді.

Ал Қазақстанға келетін болсақ, ол 2010 жылға қарағанда 2011 жылы өзінің позициясын жақсартты және сәйкесінше 52-ші орыннан 186,198 млн долл ІЖӨ мөлшерімен 49-шы орынға көтерілді.

Адами капиталды дамыту мемлекеттік басқаруды жетілдірудің негізгі факторы болып табылады. 1990 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының даму Бағдарламасында (одан әрі – БҰҰДБ) әлем елдерінің экономикалық және әлеуметтік прогресс бағаланған алғашқы баяндама жарияланды. Онда адами даму түсінігі берілген: «Адамды дамыту таңдау спектрін кеңейту процесі болып табылады. Таңдаудың маңызды элементі – ұзақ және салауатты өмір, білім алу және жоғары деңгейде өмір сүру. Қосымша таңдау элементтері өзіне саяси бостандықты, адамдардың кепілдендірілген құқықтары және сыйласымдықты да қамтиды». Сондықтан адами потенциал Индексі, БҰҰ қабылданған, оның мүшелері тұрғындарының өмір сүру сапасын интегративтік бағалау мақсатында көрсеткіштер жүйесі. Адами даму Индексі (одан әрі – АДИ) елдің жетістіктерін оның тұрғындарының денсаулығын, білім алуы және фактілік табыстарын айқындайтын үш негізгі бағыттарды қамтиды, олардың өздерінің индекстері бағаланады.

Бұл өлшемдер сандық мазмұнда 0-ден 1-ге стандартталады, яғни орта геометриялық 0-ден 1-ге дейінгі диапозонды АДИ көрсеткіштерінің жиынтығын білдіреді. Осы көрсеткіштерге сәйкес мемлекеттер орындарды иеленеді және төрт категорияларға жіктеледі [12]:

- АДИ өте жоғары елдер.
- АДИ жоғары елдер.
- АДИ деңгейі орта елдер.
- АДИ деңгейі төмен елдер.

8-ші кестеде аталған көрсеткіш бойынша **186 елдерге** салыстырмалы талдау жасалған.

8-ші кесте – Әлем елдерінің адами даму индексі*

Жыл-дар	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN	KAZ	CAN
	АДИ бойынша елдердің рейтингі		Адами даму капиталы Индексі		Күтілетін өмір сүру ұзақтығының Индексі		Білім алу Индексі		Әр тұрғынға шаққанда жалпы ұлттық табыс (АҚШ \$)	
2007/2008	82	4	0,804	0,966	64,9	80,6	0,965	0,991	10863	35812
2009	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
2010	66	8	0,714	0,888	65,4	80,2	10,3	12,2	10234	35308
2011	68	6	0,745	0,908	67,0	81,0	10,4	12,1	10585	35165
2012	69	11	0,754	0,911	67,4	81,1	10,4	12,3	10451	35369

*Ескерту – БҰҰ зерттеу материалдары негізінде құрастырылды.
Интернет-ресурс: <http://hdr.undp.org/>

Канада АДИ рейтингісі бойынша 11 орында орналасқан және адами даму индексі бойынша өте жоғары деңгейді иеленеді, ал Қазақстанға келетін болсақ, 69-шы орында орналасқан, әрі адами даму деңгейі жоғары топтарына енеді.

Жалпы алғанда Канада және Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, келесі қорытындыға келдік: жоғарыда қарастырылған рейтингтерге сәйкес, жекелеп айтқанда, Канада 215 мемлекеттің арасынан мемлекеттік басқару сапасы көрсеткіші бойынша орта позициясында; электрондық үкіметті дамыту деңгейі бойынша 193 елдің арасында – өте жоғары (11 орын); сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 176 елдің арасынан – жоғары (9 орын); жаһандық бәсекеге қабылеттік индексі бойынша 144 елдің арасынан – жоғары позицияны (14 орын) алса, бизнесті жүргізу рейтингісі бойынша 185 елдің арасынан – жоғары позицияны (17 орын) ұстанып отыр, оның ішінде кәсіпорындарды тіркеу (3 орын), инвесторларды қорғау (5 орын), салық салу (8 орын), кәсіпорындарды жою (3 орын). Канада электрмен қамтамасыз ету көрсеткіші бойынша ең төменгі позицияда (156 орын), ал ішкі жалпы өнім мөлшері бойынша 192 елдің арасынан – жоғары позицияға (11 орын) тұрақтанған.

Қазақстан Республикасы жоғарыда берілген кестелердегі талдаулар барысында келесі рейтингтерге ие болып отыр: мемлекеттік басқарудың сапасы көрсеткіші бойынша 215 елдің арасында – төменгі позиция (14 орын), электронды үкіметті дамыту деңгейі бойынша 193 елдің арасынан салыстырмалы түрде – жоғары позиция (38 орын), сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 176 елдің арасынан – ең төменгі позиция (133 орын), жаһандық бәсекеге қабылеттілік көрсеткіші бойынша 144 елдің ішінен – орта позиция (51 орын). Бизнесті жүргізу рейтингісіне келетін болсақ, 185 мемлекеттің арасынан – жақсы позицияны (47 орын) ұстануда, оның ішінде салық салу (13 орын), жеке меншікті тіркеу (29 орын), инвесторларды қорғау (10 орын), контрактілерді орындауды қамтамасыз ету (27 орын), бірақ құрылыс салуға рұқсат алу (147 орын) және халықаралық сауда (176 орын) көрсеткіштері бойынша – төменгі позицияда орналасқан. Дегенмен де, ішкі жалпы өнім мөлшері бойынша 192 елдің арасынан – жақсы позицияда (49 орын).

Қазақстан Республикасы және Канаданың мемлекеттік басқару жүйесіне жүргізілген салыстырмалы талдаудың негізінде, мемлекеттердің дамуының тенденцияларын байқауға болады. Соған қарамастан, Канадаға бизнесті жүргізу рейтингісіндегі электрмен қамтамасыз етуге қосылу көрсеткішін жақсарту қажеттігі туындайды. Ал Қазақстанға келетін болсақ, оған инновациялық потенциалды, қаржылық нарықты, компаниялардың бәсекеге қабылеттіктерін, халықаралық сауданы, құрылысты салуға рұқсат алуды дамыту, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күрестің тиімді тетігін әзірлеу мәселесі өзектілігін арттырып отыр. Жүргізілген талдаудан алынған нәтиже – Канаданың мемлекеттік басқару жүйесіндегі тәжірибесін, әлемдік деңгейде ұстанып отырған жекелеген жоғары көрсеткіштерін зерттеу арқылы, оны Қазақстанға енгізу мүмкіндігін ескеруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан–2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: www.akorda.kz. (17.09.2013)
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделі Тұжырымдамасы туралы» 2011 ж. 21 шілдедегі №119 Жарлығы
- 3 Система государственного управления Канады. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.gmi-countries.ru>
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы / 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (7 қазан, 1998 жылғы № 284-І, 2007 ж. 21 мамырда № 254-ІІІ Қазақстан Республикасы Заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге) // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. – 1996. – № 4. – 217-қ.; 1998. – № 20. – 245-қ.; 2007. – № 10. – 68-қ., 02.02.2011. – №403-ІҮ.
- 5 Результаты исследований Всемирного банка по оценке качества государственного управления в странах мира. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.worldbank.org/>
- 6 Результаты исследований Организации Объединенных Наций по формированию глобального рейтинга стран мира по уровню развития электронного правительства. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.unpan.org>
- 7 Результаты исследований по восприятию уровня коррумпированности государственного сектора Международной организации Transparency International. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://cpi.transparency.org/>
- 8 Назарбаев Н. Ә. Қазақстан–2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 1997 жылғы 10 қазан // Егемен Қазақстан, 1997. 11 қазан.
- 9 Результаты исследований по индексу глобальной конкурентоспособности Всемирного экономического форума Интернет – ресурс: данные исследований. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.weforum.org/gcr>
- 10 Результаты исследований Всемирного банка и Международной финансовой корпорации Doing Business. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://doingbusiness.org/>
- 11 Результаты исследований по глобальному рейтингу стран и территорий мира по показателю валового внутреннего продукта Всемирного банка. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.worldbank.org/>
- 12 Результаты исследований по индексу человеческого потенциала Всемирного банка. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://hdr.undp.org/>

Дата поступления статьи в редакцию 9.10.2013